| | |
|---|---|
| **Түркістан облысы ДСБ «Облыстық Фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ МКК-ның басшының 2023 жылғы «06» маусым № 9 -С бұйрығына 2-қосымша**<br><br>**«БЕКІТІЛДІ»**<br>**Түркістан облысы ДСБ «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ МКК басшысы**<br>**_____________ Р.С.Бектурганов**<br><br>**2023 жылға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу бойынша медициналық бұйымдарды сатып алу бойынша тендерлік құжаттама**<br><br>Ұйымдастырушы Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2023 жылға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекті көрсету бойынша медициналық бұйымдарды сатып алу бойынша тендерге қатысуға тендерлік өтінімдерді дайындау үшін әлеуетті өнім берушілерге ұсынатын осы тендерлік құжаттама (бұдан әрі - Тендерлік құжаттама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 04 маусымдағы №375 «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі – Ереже) қаулысына сәйкес әзірленді.<br>Сатып алу мынадай қағидаттар сақтала отырып жүргізіледі: | **Приложение 2 к приказу руководителя ГКП на ПХВ «Областной центр фтизиопульмонологии» УЗ Туркестанской области № 9 -С от «06» июнь 2023 года**<br><br>**«УТВЕРЖДЕНА»**<br>**Рководитель ГКП на ПХВ «Областной центр фтизиопульмонологии» УЗ Туркестанской области**<br>**_____________ Р.С.Бектурганов**<br><br>**Тендерная документация по закупу лекарственных средств, медицинских изделий и специализированных лечебных продуктов в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и (или) в системе обязательного социального медицинского страхованияна 2023 год**<br><br>Настоящая тендерная документация, предоставляемая организатором тендера – государственным коммунальным предприятием на праве хозяйственного ведения «Областной центр фтизиопульмонологии» УЗ Туркестанской области потенциальным поставщикам для подготовки тендерных заявок и участия в тендерах по закупу медицинских изделий для оказания гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и медицинской помощи в системе обязательного социального медицинского страхования на 2023 год (далее – Тендерная документация), разработана и утверждена в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 04 июня 2021 года №375 «Об утверждении Правил организации и проведения закупа лекарственных средств, медицинских изделий и специализированных лечебных продуктов в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи, дополнительного объема медицинской помощи для лиц, содержащихся в следственных изоляторах и учреждениях уголовно-исполнительной (пенитенциарной) системы, за счет бюджетных средств и (или) в системе обязательного социального медицинского страхования, фармацевтических услуг» (далее - Правила).<br>Закуп производится с соблюдением принципов:<br>1) оптимального и эффективного расходования денег, используемых для закупа; |

1) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы әрі тиімді жұмсау;
2) әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
3) әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік;
4) сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы;
5) отандық тауар өндірушілерді қолдау;
6) кәсіпкерлік бастаманы қолдау;
7) пациентке бағдарланған дәрілік көмек
8) Қазақстан Республикасының тұрғындарын дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен, медициналық техникамен үздіксіз қамтамасыз ету.

## 1. Тендерлік құжаттаманың құрамы

1. Осы тендерлік құжаттама төмендегіден тұрады:
1) тендерлік құжаттама;
2) 1-қосымша - сатып алынатын тауарлардың сипаттамасы, техникалық өзіндік ерешеліктерді қоса алғанда, олардың қажетті техникалық және сапалық сипаттамалары;
3) 2-қосымша - сатып алынатын тауарлардың саны (көлемі), әрбір лот бойынша сатып алуға бөлінген сома, төлем шарты, жеткізуде талап етілетін орны;
4) 3-қосымша - тендерге қатысуға өтінімнің нысаны;
5) 4-қосымша - әлеуетті өнім берушінің өтініміне қоса берілетін құжаттардың тізімін толтыру нысаны;
6) 5-қосымша - берешектің жоқтығы туралы анықтаманың нысаны;
7) 6-қосымша - біліктілік туралы мәліметтер;
8) 7-қосымша - әлеуетті өнім берушінің бағасының кестесі;
9) 8-қосымша - банктік кепілдік;
10) 9-қосымша – сатып алудың үлгі шарты.

## 2. Әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары.

2. Тауарлардың әлеуетті өнім берушілеріне мынадай біліктілік талаптары қойылады:
1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелуге тиіс;
2) дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды өндіру немесе көтерме саудада өткізу жөніндегі фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруға құқық қабілетті болуы;
3) салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдары және (немесе) жарналары бойынша берешегі болмауы тиіс;
4) осы Қағидалар бойынша сот жосықсыз деп танымаған болуға тиіс;

2) предоставления потенциальным поставщикам равных возможностей для участия в процедуре проведения закупа;
3) добросовестной конкуренции среди потенциальных поставщиков;
4) гласности и прозрачности процесса закупа;
5) поддержки отечественных товаропроизводителей;
6) поддержки предпринимательской инициативы
7) пациентоориентированности лекарственной помощи.
8) бесперебойного обеспечения населения Республики Казахстан лекарственными средствами, медицинскими изделиями, медицинской техникой.

## 1. Состав тендерной документации

1. Настоящая тендерная документация состоит из:
1) тендерная документация;
2) приложение 1 – технические и качественные характеристики закупаемых товаров, фармацевтических услуг, включая технические спецификации;
3) приложение 2 – объем закупаемых товаров и суммы, выделенные для их закупа по каждому лоту, место, сроки и другие условия поставки товара, условия платежей;
4) приложение 3 - форма заявки на участие в тендере;
5) приложение 4 – форма заполнения описи документов, прилагаемых к заявке потенциального поставщика;
6) приложение 5 – форма справки об отсутствии задолженности;
7) приложение 6 – сведения о квалификации;
8) приложение 7 – таблица цен потенциального поставщика;
9) приложение 8 – банковская гарантия;
10) приложение 9 – типовой договор закупа.

## 2. Квалификационные требования, предъявляемые к потенциальному поставщику

2. К потенциальным поставщикам товаров предъявляются следующие квалификационные требования:
1) должен быть зарегистрирован в качестве субъекта предпринимательства согласно законодательству Республики Казахстан;
2) должен быть правоспособным на осуществление фармацевтической деятельности по производству или оптовой реализации лекарственных средств и (или) медицинских изделий;
3) не должен иметь налоговой задолженности, задолженности по обязательным пенсионным взносам, обязательным профессиональным пенсионным взносам, социальным отчислениям и отчислениям и (или) взносам на обязательное социальное медицинское страхования;
4) не должен быть признанным судом недобросовестным по настоящим Правилам;
5) не должен быть аффилированным с заказчиком, организатором закупа, единым

| | |
|---|---|
| 5) тапсырыс берушімен, сатып алуды ұйымдастырушымен үлестес болмауға тиіс; | дистрибьютором; |
| 6) басқа әлеуетті өнім берушілермен бір лот бойынша үлестес болмауға тиіс; | 6) не должен быть аффилированным по одному лоту с другим потенциальным поставщиком; |
| 7) заңды күшіне енген сот актісімен банкрот деп танылмаған болуға тиіс және оған қатысты банкроттық немесе таратылу рәсімдері жүргізілмеуге тиіс; | 7) не должен быть признана банкротом вступившим в законную силу судебном актом, и в отношении него не должно проводиться процедур банкротства или ликвидации; |
| 8) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өткізуге байланысты үшінші тұлғалардың патенттік және өзге де құқықтары мен талаптарын бұзбауға тиіс. | 8) не должен нарушать патентных и иных прав и притязаний третьих лиц, связанных с реализацией лекарственных средств и медицинских изделий. |
| 3. Біліктілік талаптары Қағидаларда белгіленген сатып алу тәсілінің ерекшеліктері ескеріле отырып қолданылады. | 3. Квалификационные требования применяются с учетом особенностей способа закупа, установленных настоящими Правилами. |
| 4. Тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге осы Қағидаларда көзделмеген біліктілік талаптарын қоймайды. | 4. Заказчик, организатор закупа не предъявляют к потенциальному поставщику квалификационные требования, не предусмотренные настоящими Правилами. |
| 5. Әлеуетті өнім беруші осы тендерлік құжаттаманың 6-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, тендердің бір лоты бойынша дәрілік заттың; медициналық мақсаттағы бұйымның; медициналық техниканың өндірушісін көрсете отырып, бір саудалық атауын ұсынады. | 5. Потенциальный поставщик по одному лоту тендера, представляет одно торговое наименование с указанием производителя лекарственного средства; медицинского изделия; за исключением случая, указанного в пункте 6 тендерной документации. |
| 6. Әлеуетті өнім беруші тендердің бір лоты бойынша, егер сервистік қызмет көрсетуді талап ететін сатып алынатын негізгі медициналық бұйымды пайдалану үшін жиынтықта бірлесіп пайдалану үшін қосымша медициналық бұйымдар талап етілсе, екі және одан да көп өндірушілерді ұсына алады. | 6. Потенциальный поставщик медицинской техники по одному лоту тендера в случаях, когда для использования с закупаемым основным медицинским изделием, требующим сервисного обслуживания, дополнительно требуются медицинские изделия для совместного использования в комплектации, может предоставить двух и более производителей. |
| **3. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету шеңберінде сатып алынатын тауарларға қойылатын талаптар** | **3. Требования к товарам, приобретаемым в рамках оказания гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и медицинской помощи в системе обязательного социального медицинского страхования** |
| 7. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету үшін сатып алынатын және босатылатын (фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде) дәрілік заттарға, медициналық бұйымдарға мынадай талаптар қойылады: | 7. К закупаемым и отпускаемым (при закупе фармацевтических услуг) лекарственным средствам, медицинским изделиям, предназначенным для оказания гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и медицинской помощи в системе обязательного социального медицинского страхования, предъявляются следующие требования: |
| 1) Кодекстің ережелеріне сәйкес және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен Қазақстан Республикасында дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды тіркеудің болуы (дәріханаларда дайындалған дәрілік препараттарды, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен орфандық препараттардың тізбесіне енгізілген орфандық препараттарды, тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медициналық бұйымның құрамына кіретін және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген қорытынды (рұқсат беру құжаты) негізінде Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген дербес бұйым немесе құрылғы ретінде пайдаланылмайтын жиынтықты қоспағанда); | 1) наличие регистрации лекарственных средств, медицинских изделий в Республике Казахстан в соответствии с положениями Кодекса и порядке, определенном уполномоченным органом в области здравоохранения (за исключением лекарственных препаратов, изготовленных в аптеках, орфанных препаратов, включенных в перечень орфанных препаратов, утвержденный уполномоченным органом в области здравоохранения, незарегистрированных лекарственных средств, медицинских изделий, комплектующих, входящих в состав медицинского изделия и не используемых в качестве самостоятельного изделия или устройства, ввезенных на территорию Республики Казахстан на основании заключения (разрешительного документа), выданного уполномоченным органом в области здравоохранения); |
| 2) дәрілік заттар, медициналық бұйымдар денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қағидаларына сәйкес олардың қауіпсіздігінің, тиімділігінің және сапасының сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда сақталады және тасымалданады; | 2) лекарственные средства, медицинские изделия хранятся и транспортируются в |

| | |
|---|---|
| 3) дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың таңбалануы, тұтыну қаптамасы және қолдану жөніндегі нұсқаулықтар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес келеді;<br>4) тапсырыс берушіге өнім берушінің беру күніне дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың жарамдылық мерзімі:<br>қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімінен кемінде елу пайызды (жарамдылық мерзімі екі жылдан аз болса);<br>қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімінен кемінде он екі айды (жарамдылық мерзімі екі жыл және одан көп болса) құрайды;<br>5) бірыңғай дистрибьюторға өнім берушінің беру күніне дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың жарамдылық мерзімі:<br>сатып алу жүргізілетін алдағы жылдың қараша, желтоқсан және басталған қаржы жылының қаңтар кезеңінде тауарды жеткізген кезде қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімінен кемінде алпыс пайызды (жарамдылық мерзімі екі жылдан аз болса) және қаржы жылы ішінде келесі беру кезінде кемінде елу пайызды;<br>сатып алу жүргізілетін алдыңғы жылдың қараша, желтоқсан және басталған қаржы жылының қаңтар кезеңінде тауарды жеткізген кезде қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімінен кемінде он төрт айды (жарамдылық мерзімі екі жыл және одан көп болса) және қаржы жылы ішінде келесі беру кезінде кемінде он екі айды құрайды;<br>6) осы тармақтың 7) тармақшасында көрсетілген тауарларды қоспағанда, тапсырыс берушіге бірыңғай дистрибьютордың беру күніне дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың жарамдылық мерзімі:<br>қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімінен кемінде отыз пайызды (жарамдылық мерзімі екі жылдан аз болса);<br>қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімінен кемінде сегіз айды (жарамдылық мерзімі екі жыл және одан көп болса) құрайды;<br>7) тапсырыс берушіге бірыңғай дистрибьютордың беру күніне вакцинаның жарамдылық мерзімі:<br>қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімінен кемінде қырық пайызды жарамдылық мерзімі екі жылдан аз болса);<br>қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімінен кемінде он айды (жарамдылық мерзімі екі жыл және одан көп болса) құрайды;<br>8) олардың жарамдылық мерзімі өткенге дейін тағайындауы бойынша пайдалану үшін тараптардың келісімі бойынша есепке алу және өткізу қызметтері бірыңғай дистрибьютор тауарының ауыспалы қалдықтары үшін тапсырыс берушіге және (немесе) өнім берушіге ұсынылатын осы тармақтың 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген жарамдылықтың аз мерзімін құрайды;<br>9) дәрілік заттар, медициналық бұйымдар өзінің сипаттамасы (жиынтығы) бойынша хабарландыруда немесе сатып алуға шақыруда көрсетілген сипаттамаға | условиях, обеспечивающих сохранение их безопасности, эффективности и качества, в соответствии с Правилами хранения и транспортировки лекарственных средств, медицинских изделий утвержденными уполномоченным органом в области здравоохранения;<br>3) маркировка, потребительская упаковка и инструкция по применению лекарственных средств, медицинских изделий соответствуют требованиям законодательства Республики Казахстан и порядку, установленному уполномоченным органом в области здравоохранения;<br>4) срок годности лекарственных средств, медицинских изделий на дату поставки поставщиком заказчику составляет:<br>не менее пятидесяти процентов от указанного срока годности на упаковке (при сроке годности менее двух лет);<br>не менее двенадцати месяцев от указанного срока годности на упаковке (при сроке годности два года и более);<br>5) срок годности лекарственных средств, медицинских изделий на дату поставки поставщиком единому дистрибьютору составляет:<br>не менее шестидесяти процентов от указанного срока годности на упаковке (при сроке годности менее двух лет) при поставке товара в период ноябрь, декабрь года, предшествующего году, для которого производится закуп, и январь наступившего финансового года, и не менее пятидесяти процентов при последующих поставках в течение финансового года;<br>не менее четырнадцати месяцев от указанного срока годности на упаковке (при сроке годности два года и более) при поставке товара в период ноябрь, декабрь года, предшествующего году, для которого производится закуп, и январь наступившего финансового года, и не менее двенадцати месяцев при последующих поставках в течение финансового года;<br>6) срок годности лекарственных средств, медицинских изделий, за исключением товаров, указанных в подпункте 7) настоящего пункта, на дату поставки единым дистрибьютором заказчику составляет:<br>не менее тридцати процентов от срока годности, указанного на упаковке (при сроке годности менее двух лет);<br>не менее восьми месяцев от указанного срока годности на упаковке (при сроке годности два года и более);<br>7) срок годности вакцин на дату поставки единым дистрибьютором заказчику составляет:<br>не менее сорока процентов от указанного срока годности на упаковке (при сроке годности менее двух лет);<br>не менее десяти месяцев от указанного срока годности на упаковке (при сроке годности два года и более);<br>8) менее сроков годности, указанных в подпунктах 6) и 7) настоящего пункта, для переходящих остатков товара единого дистрибьютора, которые поставляются заказчику |

(жиынтыққа) сәйкес болуға тиіс;

10) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы бойынша дәрілік заттар немесе медициналық бұйымдар дәрілік заттарға бағаларды реттеу қағидаларына сәкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен бекітілген халықаралық патенттелмеген атауы және (немесе) саудалық атауы бойынша шекті бағадан, сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық бұйымдардың шекті бағасынан аспауға тиіс.

8. Тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы, бірыңғай дистрибьютор немесе лизинг беруші тауарларға осы Қағидаларда көзделмеген талаптарды белгілемейді.

9. Тауарларға қойылатын талаптар осы Қағидаларда белгіленген сатып алу тәсілінің ерекшеліктері ескеріле отырып қолданылады.

**4. Жеткізуде талап етілетін мерзімдер мен шарттар, орны**

10. 2023 жылға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекті көрсету бойынша дәрілік заттарды, медициналық бұйымдар мен медициналық техниканы сатып алу шартының жасасқан мерзімнен бастап, Түркістан облысы ДСБ «Облыстық фтизиопульмонологиялық орталығы» ШЖҚ МКК-на тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша тендерлік құжаттаманың 2-қосымшасындағы мерзіміне сәйкес жеткізілуі тиіс.

**5. Төлем шарты және сатып алу туралы шарттың жобасы**

11. Төлем шарты тендерлік құжаттамаға 2,7 қосымшаларына сәйкес бюджеттік қаражат лимитінің бөлінуіне байланысты.

Әлеуетті өнім беруші балама шарттарын немесе басқа шарттарды және олармен байланысты нақтылы жеңілдіктер ұсыну мүмкін. Бұл ретте, әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімінде, бұл жағдайда қандай жеңілдікті ұсыну мүмкін екендігін көрсетуге тиіс.

12. Шарт жобасы сатып алу туралы Типтік шартының негізінде 9-қосымшаға сәйкес жасалады.

**6. Тендерлік өтінімнің валютасы**

13. Тендерлік өтінімнің валютасы қазақстандық теңге болып табылады.

14. Тендерлік өтінімнің басқа валютада ұсынылған жағдайда тендерлік өтінімдердің бағалары тендерлік өтінімдердің ашу күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағалары бойынша теңгеге аударылады.

**7. Тендерлік өтінімді, сатып алу туралы шарттарды құру және ұсыну тіліне қойылатын талаптар**

15. Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінімі,

и (или) поставщику услуги учета и реализации по соглашению сторон для использования по назначению до истечения срока их годности;

9) лекарственные средства, медицинские изделия по своей характеристике (Комплектации) должны соответствовать характеристике (комплектации), указанной в объявлении или приглашении на закуп;

10) лекарственные средства или медицинские изделия по ценовому предложению потенциального поставщика не должны превышать предельных цен по международному непатентованному названию и (или) торговому наименованию утвержденных в порядке, определенным уполномоченным органом в области здравоохранения в соответствии с правилами регулирования цен на лекартсвенные средства, а также предельных цен на медицинские изделия в рамках гаратированного объема бесплатной медицинской помощи и системе обязательного социального медицинского страхования

8. Заказчик, организатор закупа, единый дистрибьютор или лизингодатель не устанавливают к товарам требований, не предусмотренных настоящими Правилами.

9. Требования к товарам применяются с учетом особенностей способа закупа, установленных настоящими Правилами.

**4. Место, требуемые сроки и условия поставки**

10. Лекарственные средства, медицинские изделия и медицинская техника предназначенным для оказания гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и медицинской помощи в системе обязательного социального медицинского страхования для ГКП на ПХВ «Областной центр фтизиопульмонологии» УЗ Туркестанской области на 2023 год должны быть поставлены до склада заказчика с момента заключения договора о закупе по заявке заказчика, со сроком поставки товара согласно приложению 2 к тендерной документации.

**5. Условия платежа и проект договора о закупе**

11. Условия платежа согласно приложениям 2,7 к тендерной документации по мере выделения лимита бюджетных средств;

Потенциальный поставщик может представить альтернативные условия платежа, или другие условия и связанные с ними конкретные ценовые скидки. При этом, потенциальный поставщик в своей тендерной заявке должен указать, какую ценовую скидку он может предложить в этом случае.

12. Проект договора составляется на основании Типового договора о закупе, согласно приложению 9.

**6. Валюта тендерной заявки**

13. Валютой цены тендерной заявки считается казахстанский тенге.

14. В случае, представления цены тендерной заявки в иной валюте, цены тендерных заявок переводятся в тенге по официальному курсу Национального Банка Республики Казахстан на день вскрытия тендерных заявок.

| | |
|---|---|
| сатып алу туралы шарты «Қазақстан Республикасында тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңына сәйкес мемлекеттік немесе орыс тілінде жасалады. | **7. Требования к языку составления и предоставления тендерной заявки, договора о закупе**<br>15. Тендерная заявка потенциального поставщика, изъявившего желание участвовать в тендере, договор о закупках составляются согласно Закону Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан» от 11 июля 1997 года №151 на государственном либо русском языках. |
| **8. Тендерлік өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар**<br>16. Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін тендерлік құжаттама ережелеріне сәйкес жасалған тендерлік өтінімді желімделген түрде тапсырыс берушіге немесе сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынады.<br>17. Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін келіп түскен тендерлік өтінім ашылмайды және әлеуетті өнім берушіге қайтарылады.<br>18. Тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы күнінен бастап есептелетін кемінде күнтізбелік қырық бес күнді құрайды. Қолданылуы мерзімі неғұрлым қысқа тендерлік өтінім қабылданбауға тиіс.<br>19. Тендерлік өтінім негізгі бөліктен, техникалық бөліктен және кепілдікті қамтамасыз етуден тұрады. Бірлесіп орындаушы тартылған жағдайда әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімге мәліметтері мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алынған, қызметтерді немесе әрекеттерді (операцияны) жүзеге асыруға бірлесіп орындаушының құқықтарын растайтын (жіберілген) рұқсаттардың (хабарламалардың) не электрондық құжат түріндегі рұқсаттардың (хабарламалардың) көшірмелерін де, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын мәліметтерді, сондай-ақ осы тендерлік құжаттаманың 21-тармағының 19), 20) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса береді.<br>20. Тендерлік өтінімнің негізгі бөлігі мыналарды қамтиды:<br>1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша тендерге қатысуға арналған өтінім. Электрондық жеткізгіште денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша өтінімге қоса берілетін құжаттардың тізімдемесі ұсынылады;<br>2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;<br>3) заңды тұлға үшін жарғының көшірмесі (егер жарғыда құрылтайшылардың, қатысушылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмесе, құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді немесе құрылтай шартының көшірмесі немесе хабарландыру күнінен кейінгі қолданыстағы акция ұстаушылардың тізілімінен үзінді ұсынылады;<br>4) заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін, тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың көшірмесі, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; | **8. Требования к оформлению тендерной заявки**<br>16. Потенциальный поставщик, изъявивший желание участвовать в тендере, до истечения окончательного срока приема тендерных заявок представляет заказчику или организатору закупа в запечатанном виде тендерную заявку, составленную в соответствии с положениями тендерной документации.<br>17. Тендерная заявка, поступившая по истечении окончательного срока приема тендерных заявок, не вскрывается и возвращается потенциальному поставщику.<br>18. Срок действия тендерной заявки составляет не менее сорока пяти календарных дней, исчисляемых со дня окончательного приема тендерных заявок. Тендерная заявка, имеющая более короткий срок действия, подлежит отклонению.<br>19. Тендерная заявка состоит из основной части, технической части и гарантийного обеспечения. В случае привлечения соисполнителя, потенциальный поставщик также прилагает к тендерной заявке копии разрешений (уведомлений) либо разрешений (уведомлений) в виде электронного документа, полученных (направленных) в соответствии с Законом Республики Казахстан от 16 мая 2014 года "О разрешениях и уведомлениях", сведения о которых подтверждаются в информационных системах государственных органов, подтверждающих права соисполнителя на осуществление деятельности или действий (операций), а также документы, указанные в подпунктах 19), 20) пункта 21 тендерной документации.<br>20. Основная часть тендерной заявки содержать:<br>1) заявку на участие в тендере по форме, утвержденной уполномоченным органом в области здравоохранения. На электронном носителе представляется опись прилагаемых к заявке документов по форме, утвержденной уполномоченным органом в области здравоохранения;<br>2) справку о государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица или справку об учетной регистрации (перерегистрации) филиала (представительства);<br>3) копию устава для юридического лица (в случае, если в уставе не указан состав учредителей, участников или акционеров, также представляется выписка о составе учредителей, участников или копия учредительного договора, или выписка из реестра действующих держателей акций после даты объявления);<br>4) копию документа, предоставляющего право на осуществление предпринимательской деятельности без образования юридического лица, выданного соответствующим государственным органом, копию документа, удостоверяющего |

| | |
|---|---|
| 5) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңға сәйкес алынған медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерге және (немесе) есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензияның көшірмелері не электрондық құжат түрінде, олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталады. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңға сәйкес алынған фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерге және (немесе) есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензияның, медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалардың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады;<br>6) конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан ерте емес мерзімде "электрондық үкімет" веб-порталы немесе "салық төлеушінің кабинеті" веб-қосымшасы арқылы алынған, есепке алу мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;<br>7) мынадай:<br><br>объектінің және өндірістің тиісті өндірістік практика (GMP) талаптарына сәйкестігі туралы;<br><br>объектінің тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) талаптарына сәйкестігі туралы;<br><br>объектінің тиісті дәріханалық практика (GPP) талаптарына сәйкестігі туралы сертификаттарының көшірмелері (бар болса).<br><br>8) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша баға ұсынысы;<br>9) тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжаттың түпнұсқасы.<br>21. Тендерлік өтінімнің техникалық бөлігі мыналарды қамтиды:<br>1) мәлімделген дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтің нақты техникалық сипаттамалары көрсетілген қағаз жеткізгіштегі техникалық ерекшелік (медициналық техниканы мәлімдеген кезде, сондай-ақ docx форматында электрондық жеткізгіште де);<br>2) дәрілік затты және (немесе) медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу туралы | личность;<br>5) копии соответствующих лицензий на фармацевтическую деятельность и (или) на осуществление деятельности в сфере оборота наркотических средств, психотропных веществ и прекурсоров, уведомления о начале или прекращении деятельности по оптовой и (или) розничной реализации медицинских изделий либо в виде электронного документа, полученных в соответствии с Законом "О разрешениях и уведомлениях", сведения о которых подтверждаются в информационных системах государственных органов. В случае отсутствия сведений в информационных системах государственных органов, потенциальный поставщик представляет нотариально удостоверенную копию соответствующей лицензии на фармацевтическую деятельность и (или) на осуществление деятельности в сфере оборота наркотических средств, психотропных веществ и прекурсоров, уведомления о начале или прекращении деятельности по оптовой и (или) розничной реализации медицинских изделий, полученных в соответствии с Законом "О разрешениях и уведомлениях";<br>6) сведения об отсутствии (наличии) задолженности, учет по которым ведется в органах государственных доходов, полученные посредством веб-портала "электронного правительства" или веб-приложения "кабинет налогоплательщика" не ранее одного месяца, предшествующего дате вскрытия конвертов;<br>7) копии сертификатов (при наличии):<br>о соответствии объекта и производства требованиям надлежащей производственной практики (GMP);<br>о соответствии объекта требованиям надлежащей дистрибьюторской практики (GDP);<br>о соответствии объекта требованиям надлежащей аптечной практики (GPP);<br>8) ценовое предложение по форме, утвержденной уполномоченным органом в области здравоохранения;<br>9) оригинал документа, подтверждающего внесение гарантийного обеспечения тендерной заявки.<br>21. Техническая часть тендерной заявки должна содержать:<br>1) технические спецификации с указанием точных технических характеристик заявленных лекарственных средств и (или) медицинских изделий, фармацевтической услуги на бумажном носителе (при заявлении медицинской техники, также на электронном носителе в формате docx);<br>2) копию документа о государственной регистрации лекарственного средства и (или) медицинского изделия либо заключения (разрешения) уполномоченного органа в области здравоохранения на ввоз и применение в Республике Казахстан;<br>На ввезенные и произведенные на территории Республики Казахстан до истечения срока действия регистрационного удостоверения лекарственные средства и (или) медицинские изделия представляются: копии документа, подтверждающего его ввоз через государственную границу Республики Казахстан, его оприходование потенциальным поставщиком; производство отечественными товаропроизводителем, |

| | |
|---|---|
| құжаттың немесе Қазақстан Республикасына әкелуге және қолдануға денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қорытындысының (рұқсатының) көшірмесі.<br>Тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген және өндірілген дәрілік заттарға және (немесе) медициналық бұйымдарға: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы әкелінгенін, оны әлеуетті өнім берушінің кіріске алғанын растайтын құжаттың көшірмелері; отандық тауар өндірушінің өндіруі, заңнамада белгіленген тәртіппен берілген қауіпсіздік туралы қорытынды ұсынылады;<br>3) қажет болған жағдайда, егер әлеуетті өнім беруші тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) немесе тиісті өндірістік практика (GMP) немесе тиісті дәріханалық практика (GPP) сертификатын ұсынбаса, өтінімдер салынған конверттерді ашу күніне дейін бір және одан аз жыл бұрын берілген "салқындату тізбегінің" бар екендігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық зерттеп-қарау актісінің көшірмесі.<br>22. Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтініммен бірге тауарларды немесе фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан бір пайыз мөлшерде кепілдікті қамтамасыз етуді енгізеді.<br>23. Тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету (бұдан әрі – кепілдікті қамтамасыз ету) мынадай:<br>1) Ақшаны кепілге салу түрінде тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз етуде әлеуетті өнім беруші тендерді ұйымдастырушы, Түркістан облысы ДСБ «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның Шымкент қаласы "Қазақстан Халық Банкі" акционерлік қоғамының тиісті шотына БСН 000240002974, Кбе 16, БИК HSBKKZKX, ИИК KZ196017291000000119, төлемнің мақсаты - тендерлік өтінімді қамтамасыз ету.<br>2) тендерлік құжаттамаға 8 қосымшаға сәйкес банктік кепілдік.<br>24. Кепілдікті қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімінен кем болмайды.<br>25. Әлеуетті өнім беруші қажет болған кезде өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін оны жазбаша түрде қайтарады.<br>26. Тендерлік өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімдерге өзгерістер енгізуге жол берілмейді.<br>27. Тендерлік өтінім тігілген және нөмірленген түрде ұсынылады, соңғы беті бірінші басшының немесе уәкілетті адамның қолымен, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің мөрімен (бар болса) бекітіледі. Тендерлік өтінімнің техникалық ерекшелігі және сатып алуды кепілдікті қамтамасыз етудің түпнұсқасы тендерлік өтінімге бөлек қоса беріледі және тендерлік өтініммен бір конвертке желімденеді. Техникалық ерекшелік тігілген және нөмірленген түрде ұсынылады, оның соңғы парағы бірінші басшының немесе уәкілетті адамның қолымен, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің мөрімен (бар болса) бекітілуге жатады.<br>28. Тендерлік өтінім басылып шығарылады не өшірілмейтін сиямен жазылады және оған әлеуетті өнім беруші қол қояды. Грамматикалық немесе арифметикалық | заключение о безопасности, выданное в установленном законодательством порядке;<br>4) при необходимости копию акта санитарно-эпидемиологического обследования о наличии "холодовой цепи" с датой выдачи за один и менее год до даты вскрытия конвертов с заявками, если потенциальным поставщиком не представлен сертификат надлежащей дистрибьюторской практики (GDP) или надлежащей производственной практики (GMP), или надлежащей аптечной практики (GPP).<br>22. Вместе с тендерной заявкой потенциальный поставщик вносит гарантийное обеспечение в размере одного процента от суммы, выделенной для закупа товаров.<br>23. Гарантийное обеспечение тендерной заявки (далее - гарантийное обеспечение) представляется в виде:<br>1) залога денег, размещаемых в банке по следующим реквизитам ГКП на ПХВ «Областной центр фтизиопульмонологии» УЗ Туркестанской области: БИН 000240002974, Кбе 16, БИК HSBKKZKX, ИИК KZ196017291000000119 в АО «Народный Банк Казахстана», г.Шымкент, назначение платежа – обеспечение тендерной заявки.<br>2) банковской гарантии согласно приложению 8 к настоящей тендерной документации.<br>24. Срок действия гарантийного обеспечения составляет не менее срока действия тендерной заявки.<br>25. Потенциальный поставщик при необходимости отзывает заявку в письменной форме до истечения окончательного срока их приема.<br>26. Не допускается внесение изменений в тендерные заявки после истечения срока представления тендерных заявок.<br>27. Тендерная заявка представляется в прошитом и пронумерованном виде, последняя страница скрепляется подписью первого руководителя или уполномоченного лица, а также печатью потенциального поставщика (при наличии). Техническая спецификация тендерной заявки и оригинал гарантийного обеспечения закупа прикладываются к тендерной заявке отдельно и запечатываются с тендерной заявкой в один конверт. Техническая спецификация представляется в прошитом и пронумерованном виде, последняя страница ее подлежит скреплению подписью первого руководителя или уполномоченного лица, а также печатью потенциального поставщика (при наличии).<br>28. Тендерная заявка печатается либо пишется несмываемыми чернилами и подписывается потенциальным поставщиком. Не допускается внесение в текст тендерной заявки вставок между строками, подтирок или приписок, за исключением случаев необходимости исправления грамматических или арифметических ошибок.<br>29. Тендерная заявка запечатывается в конверт, в котором указываются наименование и юридический адрес потенциального поставщика. Конверт подлежит адресации заказчику или организатору закупа по адресу: г. Шымкент, ул.Жибек Жолы, 13/1, кабинет юриста, и содержит слова "Тендер по закупу медицинских изделий для оказания гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и медицинской помощи в |

кателерді түзету қажет болатын жағдайларды қоспағанда, тендерлік өтінімнің мәтініне жолдар арасына қосымша жазулар, өшірілген сөздер немесе толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

29. Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысуға өтінімді конвертке желімдейді. Конверттер әлеуетті өнім берушінің атауы мен заңды мекенжайы көрсетілуі тиіс. Конверт Шымкент қаласы, Жібек Жолы көшесі, 13/1, 1 қабат, заңгер кабинеті мекен-жайы бойынша тендерді ұйымдастырушыға жіберілуі және мынадай жазулар болуы тиіс: «2023 жылға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекті көрсету бойынша облыстық медициналық ұйымдары үшін медициналық бұйымдарды сатып алу» және «2023 жылғы 26 маусым сағат 15.00-ге дейін ашылмасын». Конверттер 2023 жылғы 26 маусым сағат 13-00-ге дейін қабылданады.

30. Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей әлеуетті өнім беруші қажет болған кезде тапсырыс берушіге, сатып алуды ұйымдастырушыға тендерлік құжаттама бойынша түсініктеме беруге жүгінеді, оларға тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей сұрау салу авторын көрсетпей, сұрау салу келіп түскен күнге тендерлік құжаттама алған барлық әлеуетті өнім берушілерге жіберілетін түсініктеме береді.

31. Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін күнтізбелік жеті күннен кешіктірілмейтін мерзімге тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы қажеттілік болған кезде өз бастамасымен немесе әлеуетті өнім берушілердің сұрау салуларына жауапқа тендерлік құжаттамаға өзгерістер енгізеді, бұл туралы тендерлік өтінімдер ұсынған немесе тендерлік құжаттаманы алған барлық әлеуетті өнім берушілерге дереу хабарланады. Бұл ретте тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі кемінде күнтізбелік бес күнге ұзартылады.

32. Тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы қажет болған кезде тендерлік құжаттамада айқындалған жерде және уақытта тендер шарттарын түсіндіру үшін әлеуетті өнім берушілермен кездесу өткізеді, бұл туралы кездесудің барысы және мазмұны туралы мәліметтерді қамтитын хаттама жасалады, ол тендерлік өтінімдер ұсынған немесе тендерлік құжаттама алған барлық әлеуетті өнім берушілерге жіберіледі.

**9. Әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінімнің бағасын есептеу тәсілдері мен әдістемесі**

33. Әлеуетті өнім беруші ұсынатын тауардың жалпы бағасы әлеуетті өнім берушінің белгіленген пунктке дейін тасымалдауға, сақтандыруға, кеден бажын, ҚҚС және басқа да салықтарды, төлемдер мен алымдарды төлеуге арналған барлық шығыстарды және басқа да шығыстарды қамтуы керек.

**10. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашуы**

системе обязательного социального медицинского страхования на 2023 год" и «Не вскрывать до 15-00 часов 26 июня 2023 года». Конверты с тендерными заявками принимаются до 13-00 часов 26 июня 2023 года.

30. Не позднее, чем за десять календарных дней до истечения окончательного срока приема тендерных заявок, при необходимости потенциальный поставщик обращается к заказчику, организатору закупа за разъяснениями по тендерной документации, на которые заказчик или организатор закупа не позднее трех рабочих дней со дня получения запроса дает разъяснение, направляемое всем потенциальным поставщикам, получившим тендерную документацию, на дату поступления запроса без указания автора запроса.

31. В срок не позднее семи календарных дней до истечения окончательного срока приема тендерных заявок заказчик или организатор закупа при необходимости по собственной инициативе или в ответ на запросы потенциальных поставщиков вносит изменения в тендерную документацию, о чем незамедлительно сообщается всем потенциальным поставщикам, представившим тендерные заявки или получившим тендерную документацию. При этом окончательный срок приема тендерных заявок продлевается на срок не менее пяти календарных дней.

32. Заказчик или организатор закупа при необходимости проводит встречу с потенциальными поставщиками для разъяснения условий тендера в месте и время, определенные тендерной документацией, о чем составляется протокол, включающий сведения о ходе и содержании встречи, который направляется всем потенциальным поставщикам, представившим тендерные заявки или получившим тендерную документацию.

**9. Способ и методика расчета цены тендерной заявки потенциального поставщика**

33. Общая цена товара, предлагаемая потенциальным поставщиком, должна содержать в себе все расходы потенциального поставщика до пункта назначения на транспортировку, страхование, уплату таможенных пошлин, НДС и других налогов, платежей и сборов, и другие расходы.

**10. Вскрытие конвертов с тендерными заявками**

34. Конверты с тендерными заявками вскрываются тендерной комиссией в 15-00 часов 26 июня 2023 года по адресу: г. Шымкент, ул.Жибек Жолы, 13/1 (актовый зал).

35. В процедуре вскрытия конвертов с тендерными заявками могут присутствовать потенциальные поставщики либо их уполномоченные представители.

36. Вскрывая конверты, секретарь тендерной комиссии объявляет наименование и адрес потенциальных поставщиков, от которых поступили тендерные заявки, заявленные

| | |
|---|---|
| 34. Тендерлік комиссия тендерлік өтінімдері салынған конверттерді 2023 жылғы 26 маусым сағат 15.00-де мына мекен жайда ашады: Шымкент қаласы, Жібек Жолы көшесі, 13/1 (мәжіліс залы).<br>35.Әлеуетті өнім берушілер немесе олардың уәкілетті өкілдері тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде қатысуға құқылы.<br>36. Конверттерді аша отырып, тендерлік комиссияның хатшысы тендерлік өтінімдер түскен әлеуетті өнім берушілердің атауы мен мекенжайын, әрбір лот бойынша мәлімденген бағаларды, жеткізу шарттары мен ақы төлеуді, тендерлік өтінімдерді қайтару тәртібін, тендерлік өтінімді құрайтын құжаттар туралы ақпаратты хабарлайды және осы мәліметтерді конверттерді ашу хаттамасына енгізеді. | цены по каждому лоту, условия поставки и оплаты, порядок отзыва тендерных заявок, информацию о документах, составляющих тендерную заявку, и вносит данные сведения в протокол вскрытия конвертов. |
| **11. Отандық тауар өндірушіні қолдау** | **11. Поддержка отечественных производителей товаров** |
| 37. Егер лот бойынша тендерге Еуразиялық экономикалық одақтың тіркеу және сараптау қағидаларына сәйкес келетін тіркеу куәлігі бар (Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 3 қарашадағы №78 және 2016 жылғы 12 ақпандағы №46 шешімдеріне сәйкес), тендерлік өтінімі осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін отандық тауар өндіруші және/немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өндірушісі болып табылатын және бір әлеуетті өнім беруші қатысса, комиссия осындай әлеуетті өнім берушіні тендердің жеңімпазы деп тану туралы шешім қабылдайды, онымен бір көзден сатып алу тәсілін қолданбай өнім беруі шарты жасалады. Бұл ретте шарт жасасу кезінде тауардың бағасы осы әлеуетті өнім берушінің бастапқы баға ұсынысының бағасынан аспайды. | 37. В случае, если в тендере по лоту участвует один потенциальный поставщик, являющийся отечественным товаропроизводителем и (или производителем государств-членов Евразийского экономического союза, имющий регистрационное удостоверение соответствующее Правилам регистрации и экспертизы ЕАЭС (согласно Решений Совета Евразийской экономической комиссии от 03 ноября 2016 года №78 и от 12 февраля 2016 года №46), тендерная заявка которого соответствует требованиям настоящих првил, комиссия принимает решение о признании такого потенциального поставщика победетилем тендера, с которым заключается договор поставки без применения способа закупа из одного источника. При этом при заключении договора цена товара не превышает цену первичного ценового предложения данного потенциального поставщика. |
| 38. Егер лот бойынша тендерге олардың біреуі Еуразиялық экономикалық одақтың тіркеу және сараптау қағидаларына сәйкес келетін тіркеу куәлігі бар (Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 3 қарашадағы №78 және 2016 жылғы 12 ақпандағы №46 шешімдеріне сәйкес), тендерлік өтінімі осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін отандық тауар өндіруші және/немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өндірушісі болып табылатын екі және одан көп әлеуетті өнім беруші қатысқан жағдайда, комиссия мұндай әлеуетті өнім берушіні тендердің жеңімпазы деп тану туралы шешім қабылдайды, онымен бір көзден сатып алу тәсілін қолданбай шарт жасалады. Бұл ретте шарт жасасу кезінде тауардың бағасы осы әлеуетті өнім берушінің бастапқы жаңа ұсынысының бағасынан аспайды. | 38. В случае, если в тендере по лоту участвуют два и более потенциальных поставщиков, один из которых потенциальный поставщик, являющийся отечественным товаропроизводителем и (или производителем государств-членов Евразийского экономического союза, имющий регистрационное удостоверение соответствующее Правилам регистрации и экспертизы ЕАЭС (согласно Решений Совета Евразийской экономической комиссии от 03 ноября 2016 года №78 и от 12 февраля 2016 года №46), тендерная заявка которого соответствует требованиям настоящих Правил, комиссия принимает решение о признании такого потенциального поставщика победителем тендера, с которым заключается договор поставки без применения способа закупа из одного источника. При этом при заключении договора цена товара не превышает цену первичного ценового предложения данного потенциального поставщика. |
